

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 37:001.89;37.08

Қолжазба құқығында

КЕНЖЕБАЕВА ТАТТЫГУЛЬ БЕКБАЛТИНОВНА

Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту

6D010300-Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
п. ғ.д., профессор
Бекмағамбетова Р.Қ.
Шет ел кеңесші
п.ғ.д., доцент
Жемгулиене А.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 Зияткерлік әлеуетті дамыту мәселесін теориялық-әдіснамалық түрғыдан талдау.....	15
1.2 Жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесінің әдістемелік астарлары.....	38
1.3 Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың моделі.....	63
2 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС.....	86
2.1 Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары.....	86
2.2 Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесіне арналған айқындаушы эксперимент қорытындылары.....	98
2.3 Зияткерлік әлеуетті дамыту бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері.....	111
ҚОРЫТЫНДЫ.....	128
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	130
ҚОСЫМШАЛАР.....	147

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт - 2020». 17 қаңтар, 2014 ж. – Астана.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы. Жоғары қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен мақұлданған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Зият - зияткерлік әлеуеттің орталық буыны ретінде адамның заттық және тұлғалық сипаттағы әрқашан жаңа мәселелер мен міндеттерді алға қою, іздеу, оның шешімдерін табу қабілеті және сапасы.

Зият – ойлау қабілеті, адамның ақыл-ойының басталуы.

Зият – гуманистік бағдарланған рухани-өнегелілік білімдер жүйесі, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттер түрінде көрінеді, адамды жетілдіретін мораль нормалар, шындық пен жалпы және кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі жағдайында қалыптасады; бұл адамның ойлауы мен танымдық қабілеттерінің жаңа сапасы.

Әлеует – қандай-да бір тапсырманы шешуде, белгілі мақсатқа жетуде; жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің белгілі аумақта қолданылатын мүмкіндіктері, құралдары, қоры.

Зияткерлік әлеует – бұл шынайы және әлеуетті қорлар, әрекет етуге дайындық, мотивациялық факторлар, іс-әрекеттің энергетикалық сипаттары.

Зияткерлік әлеует – субъекттің институцияланған білімдер жүйесі ретінде, нақты субъекттің зиятын қандай-да бір альтернативтік аумақтарда мүмкін болатын зияткерлік іс-әрекеті.

Зияткерлік іс-әрекет – бұл зиятты және зияткерлік әлеуетті қандай-да бір адамның белгілі, мысалы педагогикалық, экономикалық іс-әрекетін іске асыру үрдісі.

Ақыл – қабылдау үрдісінің нәтижесін зияткерлік қайта өңдеу. Бұл психикалық үрдістердің топтамасы, «ақыл», «ақыл-ой іс-әрекеті», немесе танымдық іс-әрекетінің белсендігі деп аталады.

Іскерлік - түрлі өзгермелі жағдайларда сан алуан қызметтерді орындауда жұмсалатын іскерлік пен дағды қасиеттерінің жиынтығы.

Оқу үрдісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Құзырет - білім беру жүйесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы қорды тиімді жаңғыртуға дайындық.

Құзыреттілік - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім берудің нәтижесі.

Кәсіби құзыреттілік - маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби – педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік кәсіби сипаттама.

Дидактикалық жүйе - оқыту мақсатына жету жолында қолданылатын бірыңғай, іштей тұтас құрылым мен элементтер жиынтығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы

ЖОО – Жоғары оқу орны

ҚазҰПУ – Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

Ж – жоспарлау

М – модельдеу

Б – бағдарламалау

НБ -нәтижелерді бағалау

И – икемділік

Д – дербестік

ЖК - жалпы көрсеткіш

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі.

Қазақстанда білім беру жүйесін гуманизациялау арқылы нарықтық қатынасты қалыптастыру, яғни отандық қызмет салаларын адамзат жағдайына қарай бейімдеу қазіргі күннің талабы. Оның нәтижесі - жаңа сапалы зияткерлі ұлт. Зияткерлі қоғам жолында дамып келе жатқан Қазақстанда бізге жаңаша міндеттер жүктелуде. Қазақстанға ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын зияткерлік құбылыс қажеттігі соңғы жылдарда аталып келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жоғары оқу орындарына (ЖОО) арналған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың негізгі аспектілерін атап өткен болатын. «Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, зияткерлікке, Отан мен халқына қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту» [1].

Алайда, «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасы аясындағы кешенді бағдарламалардың жүзеге асуын, таяу болашағын айқындау мақсатында жүргізілген жұмыстар бұл бағытта зерттеулер жүргізуді талап ететіндігін көрсетті [2].

Сондықтан да жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндылықтарға негізделген руханиятты қоғам құру әрбір өміртіршілік саласының міндеті. Қазақстандағы зияткерлік қорлардың басты көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды сақтау, дәріптеу дәстүрге айналғаны абзал. Ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруда басты құндылықтар ретінде сала мамандарын дамыту басты орында тұр. Бұл ретте жоғары оқу орындарының ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда орны ерекше.

Бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесіне қойылатын талап өзгеріс үрдістеріне, оқу-тәрбие заңдылығына, студенттер мен оқытушылардың шынайы қалаулары мен тілегіне сәйкес анықталады. Шынайы болмысқа сәйкес жеделдетілген прогресс, ағылып жатқан ақпараттың алмасуы, адамзат капиталы құндылығының арта түсуі, мамандардың үздіксіз білім жетілдіруге бағытталу және өмір тіршілігіндегі барлық саланың бәсекелестігі, қазіргі жоғары оқу орындарының маңызды міндеттері болашақ мұғалімдердің іргелі, арнайы білім және іскерлік жүйесімен қамтамасыз етуден гөрі, олардың кәсіби даралық іскерлігін, зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға бой алдырып барады. Себебі, соңғы аталғандар келешекте кәсіби маманның жаңа идеяларды меңгеруге, стандартты емес шешімдерді қабылдауға деген қабілетін қалыптастырады. Зияткерлік әлеуетті дамыту ұзақ уақытты талап ететін, әрі күрделі үрдіс, себебі онда кәсіби білім беру негізінде жүйелі іс-әрекет маңызды орын алады.

Кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін, қабілеттерін дамыту жолдары көптеген зерттеулерде ерекше зейінге алынған.

Зерттеушілер біріншіден, психологиялық-педагогикалық білім беру мәселесіне жан-жақты көңіл бөлсе де, екіншіден, болашақ мұғалімдердің кәсіби-зияткерлік дамуын жетілдіруге әрекеттенеді де, осы күнге дейін болашақ мұғалімдерді дайындау іс-әрекеті, олардың зияткерлік кәсіби қызметін жетілдіру, зияткерлік ойлау қабілетін дамыту, зияткерлік әлеуетін даралау мәселелері теориялық, әдістемелік, практикалық деңгейде жеткілікті дәрежеде дайындалмағаны байқалады. Елімізде ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыру мәселесі көпұлтты да көпдінді елде, егемендігі мен мемлекеттігі қатар қалыптасып отырған әлемнің алдыңғы қатарындағы елдерінің көшіне ілесуде де зияткерлік ұлт қалыптастыру, зияткерлік әлеуетті арттыру – стратегиялық міндеттерде көрсетілуімен **өзекті** мәселелердің қатарында болуы зерттеу жұмысын жүргізуге септігі тигізді.

Оқу-тәрбие үрдісінде тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесіне барлық тарихи дәуірде көптеген философтар, педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар ғылым өкілдері үлес қосты. Зерттеу барысында философтар Аристотель [3], И.Кант [4], Гегель [5], жаңару кезеңінің ойшылдары Ж.Ж. Руссо[6], Д. Дидро [7], шығыс даналары Ж. Баласағұн [8], әбу Насыр әл-Фараби [9], әйгілі ақын-жазушылар А. Құнанбаев [10], Ш. Құдайбердиев [11], С. Торайғыров [12], ағартушылар Ы. Алтынсарин [13], А. Байтұрсынов [14], М. Жұмабаев [15], Ж. Аймауытов [16] және т.б. еңбектерінде тұлғаның ақыл-ойын, ашылмаған мүмкіндіктерін дамыту жайлы идеялар, құнды пікірлер білдіргендері анықталды.

Заманауи философиялық зерттеулер тұрғысынан біздің тақырыпқа қатысты ой-пікірлер мен көзқарастар А.Г. Спиркин [17], Ә.Нысанбаев [18], Ғ.Есім [19], педагогиканың әдіснамасы бойынша Б.М. Кедров [20], Б.С. Гершунский [21], т.б. зерттеулерінде келтіріледі.

Тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен зияткерлік мәселелері психолог ғалымдардың: ресейлік М.А. Холодная [22], А.Н. Леонтьев [23], Б.Г. Ананьев [24], Н.Ф. Талызина [25], Д.Б. Богоявленская [26], А.А. Деркач [27], А.В. Брушлинский [28]; отандық Ж.Ы. Намазбаева [29], Х.Т. Шерьязданова [30], С.М. Жақыпов [31], А.Р. Ерментаева [32], О.С. Сангилбаев [33], т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Зияткерлік әлеуеті дамыған мұғалімнің қалыптасуы білім беру жүйесінің даму жағдайында жүзеге асады. Осы мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеген ғалымдар Г.М. Храпченков, К.К. Құнантаева, А.Н. Илиясова, т.б. [34-36], жоғарғы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру мәселелері Т.С. Садықов, М.Ә. Құдайқұлов, Т.С. Сабыров, Е.Ө. Жұматаева, т.б. [37-40], тұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен практикасы Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, С.Т. Каргин, т.б [41-43]; мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту Б.А. Тұрғынбаева [44], мұғалімдерді дайындатын оқу орындарының даму тарихы Р.Қ. Бекмағамбетова [45], зерттеушілік мәдениет, тұлға капиталы Ш.Т. Таубаева [46], ұлттық тәрбие беру негізінде жеке тұлғаның жан-жақты дамуы Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, С.А.

Ұзақбаева, Қ.Қ. Шалғынбаева, т.б. [47-50] еңбектерінде кеңінен қарастырылады.

Болашақ мұғалімдерді дайындау, тұлғаның әлеуетін, зияткерлік әлеуетті дамыту мәселелерінің зерттелу деңгейін талдау негізінде әртүрлі аспектіде қарастырылғандығы анықталды.

Әлеуеттің әрқилы түрлерін зерттеген ғалымдар: тұлғалық әлеует (Ю.В. Сметанова [51], Л.И. Иванько [52], т.б.), зияткерлік әлеует (Т.Ф. Красноженова [53], Л.В. Сохань [54], тәрбиелік әлеует (Т.Н. Мальковская [55], Г.А. Юрина [56], Н.Е. Кожанова [57], Рыкова С.В [58], В.В. Сергеева [59], Е.В. Фешина [60]), адамгершілік әлеует (П.А. Кобылинский [61], Л.М. Митина [62], В.П. Созонов [63]), эмоционалды әлеует (А.Н. Лутошкин [64]), деонтологиялық әлеует (Г.М. Кертаева [65]), кәсіби-педагогикалық әлеует (М.В. Прохорова [66], И.П. Подласый [67], Н.Э Пфейфер [68], т.б.), білімділік әлеует (Ф.А. Батулин [69], Л.Ф. Лисс [70], Л.Ю. Гущина [71]), шығармашылық әлеует (К.К. Жумадилова [72], Е.П. Гоголев [73], М.В.Корепанова [74], Г.Н. Филонов [75], Е.Н. Шиянов [76], Е.Л. Яковлева [77]).

Дегенмен, бұл алғышарттар әлі де болса, теориялық мәнділігін тапқан жоқ.

Сонымен философиялық, педагогикалық, психологиялық зерттеулерді талдай отырып:

- қазіргі білім беру жүйесінің зияткерлік әлеуеті дамыған мұғалімдерге қажеттілігі мен зияткерлік әлеуетті дамыту мәселесі бойынша ғылыми-тұтастық жүйемен негізделген зерттеулердің жеткіліксіздігі арасындағы;

- болашақ мұғалімдердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға деген сұраныс пен зияткерлік әлеуетті дамытуда педагогикалық қолдау үрдісін әлі де жеткіліксіз қамтылуы арасындағы **карама-қайшылықтардың** бар екендігі анықталды.

Мұндай карама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, зерттеу мәселесін айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемелерін сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді дайындау үрдісі.

Зерттеу пәні: болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, зияткерлік әлеуетті дамытудың теориялық-әдіснамалық бағыттары негізделіп, оны дамытудың жүйесі анықталса, онда болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту үрдісінің тиімділігі артады, **өйткені** зияткерлік әлеуетті дамытудың инновациялық жолдары айқындалады.

Зерттеудің міндеттері

1. Зияткерлік әлеуетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

2. «Зият», «әлеует», «болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуеті» ұғымдарын нақтылау.

3. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың моделін жасау, өлшемдік көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтау.

4. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін тиімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттарын айқындау;

5. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: зияткерлік әлеуетті зерттеу болашақ мұғалімдердің қоғам талаптарына сай дамуын қамтамасыздандырып, бұл сапаны өздігінен тиімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Кешендік тұлға мен тұлға туралы теориялар (Б.Г. Ананьев [78], Л.С. Выготский [79], А. Маслоу [80], Ж.Ы. Намазбаева [81], т.б.); сана мен іс-әрекеттің бірлігі, даму туралы іргелі теориялар (А.Н. Леонтьев [12], С.Л. Рубинштейн [82], П.Я. Гальперин [83]); психикалық құбылыстарды зерттеудегі жүйелі көзқарас Б.Ф. Ломов [84]; тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен зияткерлік теориялары М.А. Холодная [85], Д.Б. Богоявленская [86], т.б.); кәсібиліктің акмеологиялық теориясы (А.А. Деркач [87], А.А. Бодалев [88], т.б.), кәсіби білім берудің тұлғаға бағдарланған мәселелері (В.В. Краевский [89], В.В. Сериков [90], И.С. Якиманская [91], т.б.).

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша ресми материалдар мен құжаттар «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы, 2013 жыл 18 сәуірдегі шешімімен мақұлданған, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт – 2020» 17 қаңтар, 2014 ж. – Астана, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2011); философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектер, зерттеулер; мерзімдік оқу-әдістемелік, ғылыми-әдіснамалық, әдістемелік материалдар, жұмыс оқу бағдарламалары.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезеңде (2011-2012 жж.) зерттеу мәселесіне байланысты теориялық-әдіснамалық, әдістемелік еңбектерге талдау жасалынып, шет елдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеленді. Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды. Анықтаушы эксперимент іске асырылды. Материалдарды талдау нәтижесі ретінде мақалалар дайындалды.

Екінші кезеңде (2012-2013 жж.) болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың моделі әзірленіп, оның көрсеткіштері, деңгейлері, өлшемдері анықталды. «Тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту» атты элективті курс жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2013-2014 жж.) эксперименттік жұмыс барысында алынған мәліметтердің қорытындысы шығарылды, нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Диссертация талапқа сәйкес рәсімделді.

Зерттеу әдістері

- теориялық (философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге) салыстырмалы талдау;

- зерттеу нәтижелерінен теориялық қорытынды жасап, модельдеу;
- эксперименттік әдістер, сараптамалық бағалау;
- іс-әрекет нәтижелерін контент-талдау;
- математикалық статистика әдістері.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институты. Педагогикалық экспериментке қатысқан сыналушылардың жалпы саны – 192.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуды теориялық-әдіснамалық негізделуі;

- «зият», «әлеует», «болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуеті» ұғымдары нақтыланды.

- болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың моделі жасалып, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталды.

- болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін тиімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары айқындалды;

- болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибеде сынақтан өткізілді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық мәнділігі: теориялық салыстырмалы талдау негізінде зияткерлік әлеует ұғымы ұсынылды. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың әдістемесі құрылып тәжірибеде тиімділігі мен нәтижелігі тексерілді. Әдіснамалық зерттеулер талданып болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған әзірлемелер ЖОО-ндарының, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттары тәжірибелерінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуеті тұлғаның өзара байланысты сапаларының жиынтығы, бұл сапалар оның зияткерлік іс-әрекеттің субъекті болуға дайындығының қозғаушы күші болып табылады.

- зияткерлік әлеуетті дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, тетіктері, көрсеткіштері мен деңгейлері.

- болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуда оқытушылардың кәсібилілігі, ЖОО-нда зияткерлік әлеуетті дамытуға ықпал етуші зияткерлік орта, білім беру үрдісін проблемалы етіп ұйымдастыру, студенттердің жалпы және арнайы дайындығының қажетті және жеткілікті деңгейі.

- зияткерлік әлеуетті дамытуда элективті курстың тиімді әсері базалық рефлексиялық және онымен тығыз байланысты психологиялық тетіктердің (өзін-өзі бағалау, өзін басқару) болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындауда бір-бірімен тығыз байланыста болғанда, ол үрдіс белсендіріліп жүзеге асу барысы артады.

Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі мен негізділігі: зерттеудің нәтижелігі таңдаулардың көрнекілілігімен, теориялық-әдіснамалық тұжырымдардың

зерттеу мақсатына сәйкестілігімен, психологиялық әдістемелердің валидтілігі және сенімділігімен, алынған бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуға арналған курстың тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізумен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, библиография тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделіп, ғылыми аппараты баяндалады.

«Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда тірек ұғымдарының мәні, яғни олардың өзара байланысы айқындалды, теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылды, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетінің дамуының өлшемдері, көрсеткіштері, тетіктері және зияткерлік әлеуетті дамыту моделі ұсынылады.

«Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» атты екінші тарауда педагогикалық-психологиялық шарттары ұсынылып, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың әдістемесіне сай жүргізілген эксперимент нәтижелері сапалық және сандық сараптамалар келтіріледі.

Қорытындыда теориялық және эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми тұрғыдан ұсыныстар беріледі.

Қосымшада диагностикалық әдістемелер ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Зерттеу барысы мен нәтижелері Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура институтының Педагогикалық мамандықтар кафедрасы және Жалпы, жас ерекшелік және әлеуметтік педагогика кафедрасы отырыстарында, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланды.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру. Зерттеу барысында Thomson Reuters немесе Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда жарияланды.

1. «Theoretical Aspects of Development of Intellectual and Creative Potential of Prospective Teachers». Middle-East Journal of Scientific Research. ISSN 1990-9233. © IDOSI Publications, 2013. DOI: 10.5829/idosi.mejsr. 2013.15.9.11539. Vol.15(9). –P.1219-1223.

2. Future teachers intellectual and creative potential development. (Life Science Journal.) Life Sci J 2014; 11(1):321-324] (ISSN:1097-8135). Development of intellectual creative potential in future teacher».

3. CY-ICER 2013. 2ndCypris International Conference of Educational Research.13-15 February 2013. Procedia - Social and Behavioral Sciences.2013. Vol.89. –P.927-931.

4. Теоретические основы развития творческого и интеллектуального потенциала у будущих учителей // Вестник АПН Казахстана, №3(53) 2013. С.52-58.

5. Познавательная активность как условие развития интеллектуального и творческого потенциала в подготовке будущих педагогов // Вестник КазНПУ им. Абая, Серия Педагогика, №3(39), 2013. С.159-162.

6. Педагог мамандардың шығармашылық әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы. // ПМУ Хабаршысы, Павлодар қ., №2, 2013. Б. 118-124.

7. Тұлғаның зияткерлік әлеуетін қалыптастыру үдерісін педагогикалық жүйеде басқару. // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы, Психология сериясы. №1(38) 2014. Б. 199-205.

8. Тұлғаның зияткерлік әлеуеті психологиялық-педагогикалық талдау нысаны ретінде.//«Қ.Бектаев оқулары: Ақпараттандыру-қоғам дамуының болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Шымкент қ., 5.02-6.02.2014. Б. 551-558.

9. Интеллектіні адам туралы ғылымдар жүйесінде зерттеу мәселесі // п.ғ.д., профессор Н.Д. Хмельдің 85-жылдығына арналған «Тұтас педагогикалық процесс теориясы-болашақ мұғалімді кәсіби дайындаудың негізі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 2 бөлім. Алматы қ., 28-29.03.2014. Б. 200-202.

10. Зияткерлік әлеует болашақ мұғалімдерді даярлаудағы мақсатты бағдары ретінде // Балалық шақтың ашық әлемі: Теория және практиканың өзекті мәселелері» атты ҚР БЖҒМ, «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Щучинск қ., 2014. 2-ші секция, Б. 85-89.

11. Адамгершілік тәрбиесі саласында зияткерлік әлеуетті жүзеге асыру // Материалы Международной научно-практической конференции, «Образование и наука Казахстана начала XXI века: проблемы, поиски, решения». КГУ имени Ахмета Байтурсынова, г.Костанай 25.04.2014г. Часть 3. С.171-177.

12. «Проблема развития ребенка в педагогическом наследии Я.А. Коменского и Ж.-Ж. Руссо». Исследователь XXI века. // Материалы Республиканской научно-практической конференции магистрантов и докторантов. – Алматы, КазНПУ им.Абая, Институт Магистратуры и Докторантуры PhD, кафедра психолого-педагогических специальностей, 2011. С. 89-92.

13. Развивающее обучение как целостная система. // Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Начальная школа и физическая культура». №4(31), 2011. С.66-69.

14. «Разновозрастное обучение в условиях малокомплектных школ в системе начального образования Казахстана». // Материалы республиканской научно-практической конференции «Подготовка будущего педагога в условиях перехода на 12-летнее образование». 28.11.2012. С.129-131.

15. Бастауыш сынып мұғалімінің технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі // Ұлт тағылымы. №2/2012. Б. 150-153.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Диссертациялық зерттеудің негізгі жағдайлары жалпы көлемі 76 бет болатын 15 мақалада жарияланды, соның ішінде 6 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау

комитеті ұсынған басылымда, 7 мақала халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында, оның ішінде 1 шетелдік конференциялар материалдарында, 2 (екеуі) Thomson Reuters немесе Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда.